



АЙМАҚТАН ӘЛЕМГЕ ДЕЙІН: АСТАНА МЕН МӘСКЕУ ЖАҢАҢДЫҚ ЛОГИСТИКАНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТНЕК

Омбы: тарих пен таным

Биылғы форумның Омбы өңірінде өтуінің өзіндік маңызы бар. Біріншіден, бұл аймақтың Қазақстанмен саудаттығы қарқынды дамып келеді әрі біздегі үш облыспен шектесіп жатыр. Қазақстан Омбы облысының сыртқы сауда айналымының 30%-дан астамын қамтамасыз етеді. Мысалы, биыл қаңтар-сәуір аралығында Омбы облысы мен Қазақстанның тауар айналымы 17 пайызға өсіп, 136 млн долларды құрады. Еліміз Омбыға шамамен 33 млн доллардың тауарын экспорттаса, Омбыдан 103 млн долларлық өнім жеткізілген.

Екіншіден, Омбының көлік-логистика бағытының әлеуеті зор. Қала Ертіс пен Ом өзендерінің тоғысында жатыр. Ал Ертіс өзеніндегі көлік қатынасы мен жүк тасымалын Қытай, Қазақстан, Ресей бірлесіп дамытуға ниетті. Сапар аясында Ертіс өзенінің табанын тереңдету, инфрақұрылымын жақсарту мәселесінің көтерілуі осы тұжырымнан шыққан ой. Сарапшылар ұсыныс қолдау тапса, инфрақұрылым толықтай жаңарып, жүк тасымалы жанданады деп отыр.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Еуропалық және америкалық зерттеулер бөлімінің бас сарапшысы Марат Рамазановтың айтуынша, Омбы облысы өңірлермен сауданы белсенді жүргізіп келеді.

Форумның Омбыға қайта оралуы символдық қана емес, тұжырымдамалық сипатқа да ие. Дәл осы жерде 2003 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы заманауи өңіраралық ынтымақтастықтың институционалдық негізі қаланды. Өткен жылдар ішінде бұл формат жоғары саяси деңгейде қабылданатын шешімдерді іс жүзінде жүзеге асыру құралы ретіндегі тиімділігін дәлелдеді. — дейді сарапшы. Омбымен байланыс тек сауда-экономика шеңберімен шектелмейді. Мұнда екі елдің рухани ынтымақтастығы мен мәдени бауырластығы бекемделе түскен. Сан ғасырлық тарихи байланысты айтпаған күннің өзінде Ұлы отан соғысы жылдарындағы қос халықтың бастан кешкені бір. Осы шаһарда майданда жараланған қаншама қазақ ем алып, туған жерге аман оралды.

Мемлекет басшысы XXII Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін Омбы қаласына барды. Бұл сапар Қазақстанның сыртқы саясаттағы прагматикалық ұстанымын, өңіраралық байланысын айқындаған мазмұнды қадам болғаны сөзсіз. Түрлі деңгейдегі жиында көлік-логистика, сауда-экономика, цифрландыру бағытындағы біршама жоба бастау алды.



Сондықтан Мемлекет басшысы сапарын алдымен Омбы госпиталі ғимаратын аралаудан бастады. Мұнда ҰОС кезінде жауынгерлер емделген, 1945 жылы ауыр жарақаттан кейін Қасым-Жомарт Тоқаевтың өкесі — жазушы әрі майдангер Кемел Тоқаев та осында ем алды. Президент Омбы госпиталі ғимаратының қасбетіндегі Кемел Тоқаевтың ескерткіш

және шеңберімен шектелмейді. Мұнда екі елдің рухани ынтымақтастығы мен мәдени бауырластығы бекемделе түскен. Сан ғасырлық тарихи байланысты айтпаған күннің өзінде Ұлы отан соғысы жылдарындағы қос халықтың бастан кешкені бір. Осы шаһарда майданда жараланған қаншама қазақ ем алып, туған жерге аман оралды.

тақтасына гүл шоғын қойып, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етті. Бұл оқиға сапарға гуманитарлық сипат беріп, бүгінгі серіктестіктің тек экономикалық мүддеге емес, ортақ тарихқа бағытталғанын көрсетті.

Саяси ишара Мемлекет басшысының Владимир Путинге тарту еткен сыйынан да көрініс тапты. Президент Ресей басшысына Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевский бейнеленген картинаны сыйға тартты. Екі тұлғаның достығы қазақ-орыс мәдени жақындығының жарқын белгісі ретінде белгілі. Сол себепті сарапшылар сыйлық гуманитарлық байланысты нығайтуға деген ұмтылыс деп топшылауда.

Басым бағыт — көлік-логистика

Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы 2003 жылдан бері өтіп келеді. Бұл жолы форумға қатысқан қазақстандық делегацияның қарасы көп. Мемлекет басшысымен бірге Омбыға орталық мемлекеттік орган басшылары, шекаралас облыстардың барлық әкімі, сондай-ақ бизнес қауымдастық пен салалық компания өкілдері ере барды.

Биылғы басқосу «Жаһандық логистика экосүйесін қалыптастыру: Ресей-Қазақстан ынтымақтастығының жаңа көкжиегі» тақырыбына арналып отыр. Бұл кездейсоқ таңдалған бағыт емес. Қазақстан мен Ресейдің арасын әлемдегі ең ұзын құрлық шекарасы — 7,5 мың шақырымнан астам аумақ байланыстырады. Географиялық орналасуы екі елді Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын табиғи көпірге айналдырған. Сондықтан форумда шекара маңындағы сауданы дамыту жайы көп айтылып, президенттерге жаңа жобалар көрсетілді.

Жалғасы 2-бетте.

ЫНТІМАҚТАСТЫҚ

ДӘСТҮР ТҮЛЕГЕН, ДОСТЫҚ ГҮЛДЕГЕН КҮН

«Qyzyljar Sabantoy — 2026» мерекесі дәстүрлі мәдени іс-шара шеңберінен шығып, Қазақстан мен Татарстан арасындағы тарихи достық пен өзара ынтымақтастықты айшықтаған маңызды оқиғаға айналды. Татарстан Республикасының раисы Рустам Минниханов бастаған делегацияның қатысуы екі өңір арасындағы рухани, мәдени және экономикалық байланыстың берік екенін көрсетті.

«Qyzyljar Sabantoy — 2026» мерекесіне арналған іс-шаралар екі күнге жалғасты. Алдымен өңірлер арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар кездесулер өтіп, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Бұдан бөлек, Татарстан Республикасы өнер шеберлерінің мерекелік концерті өтіп, екі халықтың ортақ мәдени мұрасын ұлықтаған әсерлі кеш көрерменге жол тартты.

Қазақстан мен Татарстан арасындағы мәдени байланысты нығайтуға арналған концертте Татарстанның мемлекеттік ән және би ансамбльдері, еңбек сіңірген әртістері, белгілі өншілер мен музыканттар өнер көрсетті.

Жалғасы 4-бетте.



XXII ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ӨНІРАРАЛЫҚ ҮНІТМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫ

АЙМАҚТАН ӘЛЕМГЕ ДЕЙІН: АСТАНА МЕН МӘСКЕУ
ЖАҒАНДЫҚ ЛОГИСТИКАНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТПЕК

Жалғасы, басы 1-бетте.

Басты жаңалық цифрлық платформа болғаны анық. Қазақстан мен Ресей тауар айналымы мен өнімнің шығарылған жерін растауға мүмкіндік беретін цифрлық таңбалау жүйесін қолданысқа енгізуі мүмкін. Осы мақсатта Smart Cargo бірыңғай цифрлық платформасы мен жасанды интеллект көмегімен көлік ағынына талдау жүргізетін AI Jol цифрлық жобасы таныстырылды. Сонымен қатар кеден бекеттерін жаңғырту, теміржол, авиация, автокөлік инфрақұрылымын дамыту ұсынысы естілді.

— Қазақстанда 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялануы цифрлық логистика, электрондық құжат айналымы, зияткерлік көлік жүйелері, үлкен деректерді талдау және жасанды интеллект технологиялары салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейтеді. Соның нәтижесінде цифрлық трансформация экономикалық бағытын қамтитын негізгі элементке айналады, — деп қосты Марат Рамзанов.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей Еуразиялық заманауи көлік-логистикалық архитектурасын қалыптастыруда жетекші рөл атқаруы керек деген пікір айтып. Президент көлік жүйесінің дамуына қатысты нақты көрсеткіштерді де келтірген. Былтыр Қазақстан мен Ресей арасындағы теміржол арқылы жүк тасымалының көлемі 92 миллион тоннаға жетті. Соңғы бес жылда Қытай — Қазақстан — Ресей — Қытай бағыты бойынша контейнерлік транзит 8 есеге артты. Ал автомобильмен жүк тасымалы өсімі қарқынды сақтал келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көрсеткіштер екі елдің бірлескен көлік инфрақұрылымының әлеуеті жоғары екенін дәлелдейді өрі Еуразиядағы транзиттік бағыттарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Саясаттанушы Таисия Мармونتаның пайымдауынша, бүгінде логистика Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының негізгі факторының біріне айналған.

— Көлік дәліздері — өнеркәсіптік кооперацияның, энергетикалық байланыстардың және сауда қатынасының өзегі. Әңгіме дәстүрлі ынтымақтастық бағыттарын алмастыру туралы емес, олардың өрі қарай дамуына негіз болатын инфрақұрылымдық іргетас қалыптастыру жөнінде болып отыр, — дейді сарапшы.

Бұл пікірді саясаттанушы Эдуард Полетаев қолдауда. Оның айтуынша, логистика тақырыбының алдыңғы қатарға шығуы заңды құбылыс, өйткені екі мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық мүддесі ортақ.

— Қазақстан үшін логистика — Азия мен Еуропа нарықтарына шығудың, жаһандық жеткізу тізбектерін қосылуының және инвестиция тартудың маңызды құралы. Ал Ресей үшін сауда бағыттарын қайта бағдарлау мен жаңа көлік дәліздерін дамытудың негізгі тетіктерінің бірі саналады, — дейді спикер.

Жүк тасымалының жаңа көзеңі: жүргізушісіз жүк көліктері шығады
Көлік-логистика саласының цифрлық трансформациясының үздік мысалы — жүргізушісіз жүк тасымалы. Осы-

дан бірнеше жыл бұрын ғана ғылыми фантастикаға баланған технология бүгінде нақты жобаға айналды. Биыл сәуір айында Қазақстан-Ресей жүргізушісіз көлік жүйелері мен цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қазірдің өзінде ұзындығы 2818 шақырым болатын Астана — Петропавл — Мәскеу бағыты бойынша жүргізушісіз жүк көліктерінің пилоттық рейсін іске қосуға дайындық жүріп жатыр. Бұл жоба Еуразиялық экономикалық одақ кеңістігіндегі алғашқы халықаралық жүргізушісіз көлік дәлізі болмақ.

Бастаманың ерекшелігі тек автономды басқару технологиясында емес. Жоба аясында электрондық құжат айналымын енгізу, мемлекеттік шекарадан автоматтандырылған түрде өту, көлік қозғалысын ЖИ арқылы бақылау және жүк тасымалын реттеудің бірыңғай цифрлық стандарттарын қалыптастыру көзделген.

Егер жоба сәтті жүзеге асса, жүргізушісіз тасымал халықаралық жүк жеткізу жүйесін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Жаңа жоба жүк жеткізу мерзімін қысқартып, логистикалық шығынды азайтуға, шекарадан өту рәсімін мен транзиттік дәліздің бәсекеге қабілетін жетілдіруге көмек береді.

Саясаттанушы Таир Нығмановтың пікірінше, көлік дәліздерін дамыту кезінде балама бағыттарды ұмытпаған жөн.

— Балама бағыттар неғұрлым көп болса, бизнес үшін соғұрлым тиімді. Бір маршрут арзанарық болуы мүмкін, енді бірі сенімдірек болады. Ең бастысы — нарық қатысушыларының таңдау мүмкіндігі болуы тиіс, — дейді сарапшы.

Ал саясаттанушы Таисия Мармонтаның сөзінше, Транскаспий халықаралық көлік бағытын, Ресейдің «Солтүстік — Оңтүстік» көлік дәлізін және басқа да халықаралық бағытты бір-біріне бәсекелес жоба ретінде көрмеу қажет. Керісінше, бірыңғай еуразиялық көлік жүйесі ретінде қарастырылған дұрыс.

— Көлік бағыттары арасында жоғары бәсеке бар деп айтпа едім. Керісінше, әртүрлі көлік дәліздері бір-бірін толықтырып келеді. Еуразия кеңістігінде бірыңғай көлік тізбегі ретінде жұмыс істейтін көлік желісі қалыптасуда, — деп түсіндірді спикер.

Шекара маңы шет қалмайды
Қазақстан мен Ресей шекарасы маңында шамамен 30 миллион адам тұрады. Бұл аумақта көрші елдердің нарығына бағытталған мыңдаған кесіпорын жұмыс істейді. Сондықтан форумда шекара маңын жетілдіру жайы қаралды.

Мемлекет басшысы шекара маңындағы өңірлерде «500+» шартты атауымен өзу қатынасын дамытудың бірлескен бағдарламасын әзірлеуді ұсынды. Астана мен Ресейдің Қазақстанмен шекарасы өрі халық саны 500 мыңнан асатын қалалары арасында тікелей өлеу рейстерін кезек-кезеңімен ашу көзделіп отыр. Президенттің пікірінше, бастама туризм мен кәсіпкерлік салаларын өркендетуіне серпін береді. Себебі Қазақстанға демалуға келетін туристердің саны жағынан Ресей қазір бірінші орында тұр.

— Бүгінде Павлодар мен Новосібірдің, Петропавл мен Омбының, Қобаның

мен Челябинің арасындағы нақты әріптестік бар. Дәл осы өңірлік деңгейде тұрғындар мен бизнес арасындағы байланыс орнайды, — дейді Таир Нығманов.

Саясаттанушының пікірінше, бұрын көптеген мәселе тек орталық мемлекеттік органдар арқылы шешіле, бүгінде облыстар мен аймақтар іскерлік, инвестициялық, экономикалық байланыстарды тікелей дамыту мүмкіндігіне ие.

Ертіс несімен маңызды?

Екі ел Ертіс өзенінің табанын тереңдетіп, инфрақұрылымын жетілдіруді ойға алуда. Саясаттанушы Таисия Мармونتова Ертіс өзені болашақта Еуразиядағы жаңа логистикалық жүйенің маңызды буынына айналады деп болжады.

— Ертістің басты артықшылығы бар. Өзен құрлық және су көлігі бағыттарын өзара байланыстырып, кең ауқымды тасымал жүйесіне шығуға мүмкіндік берді, — дейді сарапшы.

Дегенмен жобаның келешегіне қатысты мамандардың пікірі біркелкі емес. Саясаттанушы Эдуард Полетаев қазіргі экономиканың жүк тасымалына қоятын талап өткен ғасырмен салыстырғанда түбегейлі өзгергенін атап өтті.

— Кеңес дәуірінде Ертіс арқылы жылына 17 миллион тоннаға дейін жүк тасымалданып. Қазір теміржол мен автомобиль көлігінің мүмкіндігі айтарлықтай артты. Оның үстіне өзеннің таяздануы, кеме қатынасының маусымдық сипаты бұл бағыттың әлеуетін шектейді, — деп болжады ол.

Соған қарамастан, мамандар өзен инфрақұрылымына инвестиция тарту көлік бағытын өртарапандыруға өңірлер арасындағы байланысты нығайтуға қосымша демеу болатынын жоққа шығармады.

Кесіпорындар қатары көбейді

Биыл бірінші тоқсанда Ресейден Қазақстанға келген инвестиция көлемі 45 пайызға артты. Алғашқы бес айдың қорытындысы бойынша көрсеткіш 773 миллион долларды құраған-ды. Бүгінде Қазақстанда ресейлік капиталдың қатысуымен құрылған 20 мыңнан астам кесіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар қазақстандық бизнестің Ресейдегі ұстанымы да нығайып келеді. Біздің Ресей экономикасына салған инвестициямыздың жалпы көлемі 9 миллиард долларды өңсерді.

Шын мәнінде, екі елдің экономикалық байланысы Орталық Еуразиядағы ең ірі өнеркәсіптік серіктестіктің бірі саналады. Қостанайда KamLiTK зауыты, Саран қаласында Tengri Tyres шина өндірісі жұмыс істеп тұр. Оған қоса ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын кесіпорындар, химия өнеркәсібі мен құрылыс индустриясындағы бірлескен жобалар бар. Сондықтан Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты «сөз жүзінде емес, іс жүзінде стратегиялық сипатқа ие» деп бағалады.

Сарапшылардың пікірінше, дәл осы өнеркәсіптік кооперация, көлік және логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту қос мемлекеттің экономикалық әріптестігін қозғасуы күшіне айналады.

Саяси ұстаным һәм болашақ бағдар
Жалпы Омбыдағы келіссөз жемісті өтті. Мемлекет көшбасшыларының жүздесуінде геосаяси ахуал, энергетика, білім беру, цифрландыру мәселелері бойынша өткір пікірлер мен ауқымды жобаларды естідік. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге Омбы төрінде қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, XXII өңіраралық ынтымақтастық форумы аясындағы жан-жақты диалогты жалғастыратынын жеткізді.

— Ресей экономикамызға инвестиция салатын елдердің арасында көш бастап тұр. Инвестиция көлемі шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бірлескен күш-жігердің арқасында жалпы құны 53 миллиард доллар болатын 177 перспективті өнеркәсіп жобасының тізімі жасақталды. Оның 122-сі іске асырылды. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайды ескерсек, бұл — көпті қуантатын жетістік, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы жобалардың іске асырылу барысына көңілі толатынын аңғартты. «Росатом» бастаған халықаралық консорциумның Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын салу жобасына ерекше тоқталды.

— Маған Балқаш көлі маңында нысан орнын дайындау жұмыстары аяқталуға жақындағанын баяндады. Бұл жоба Қазақстан аумағында энергияның жаңа түрін өндіруге ғана қатысты емес. Ол сонымен қатар мемлекеттеріміздің, ең бастысы, халықтарымыздың және ескелен ұрпақтың арасында алтын көпір болады. Өйткені біз Ресей көмегімен техникалық кадрларды, кейін атом индустриясы сияқты аса күрделі салада жұмыс істейтін жергілікті қазақ мамандарын даярлағанымыз келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саясаттанушы Таир Нығмановтың пікірінше, алдағы жылдары мұндай жобалардың рөлі арта түспек.

— Әңгіме тек жаңа энергетикалық қуат көздерін іске қосу туралы емес. Мұндай жобалар мыңдаған жаңа жұмыс орнын құрып, отандық шикізат, өнімге сұранысты арттырады және ұзақ мерзімді экономикалық тиімділік береді, — дейді сарапшы.

Сонымен қатар жүк тасымалдау инфрақұрылымын дамыту жұмыстары да жалғасып келеді. Бұл бағытта Ресей — Қазақстан — Әзбекстан жүк бағытына ерекше мән беріледі. Сарапшылар жобаның өңірлік энергетикалық интеграцияның ең тиімді бағытының бірі деп бағалады. Демек, құбыр желілері энергия тасымалдау құралы ғана емес, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасын байланыстыратын маңызды логистикалық артерияға айналып келеді.

Айта кетерлік, Қазақстан мен Ресей халықаралық арена мен өңірлік ұйымдар аясында белсенді кезеңге аяқ басты. Быыл Ресей ҰҚШҰ-ға, ал Қазақстан — ЕАЭО-ға төрағалық етеді. Осы орайда Қазақстан геосаяси оқиғаларға қатысты көзқарасын шегендей тұтты. Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесуде Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеуге ұстанымын жеткізген болатын.

— Біліміміз, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімізді білдіріп келеді. Өйткені маған да өтіншітер айтылады. Мәнінше, қақтығысты уақытша тоқтатып, 2.0. Ыстанбул формуласына оралған дұрыс. Содан кейін алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің келіпдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөзде білім беру ісі атаусыз қалмады. Қазақстан Қазақ ұлттық университетінің Омбыдағы филиалын ашу бастамасына жоғары баға берсе, Ресей тарапы мемлекеттік білім грантының тиімділігін атады.

— Қазақстанның мыңдаған азаматы ресейлік жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Омбыда Қазақстанның мемлекеттік университетінің филиалы ашылғанын атап өткім келеді. Ресейлік студенттерге 100 мемлекеттік стипендия ұсынылғаны үшін алғыс айтамыз. Олар ақысыз негізде білім алып жатыр, — деді Ресей басшысы Владимир Путин.

Сонымен, Омбыда ойлы әңгімелер айтылды. Энергетика, көлік-логистика, ғарыш, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобалардың болашағын білдік. Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық жоспар да ел назарында болды. Бастысы, қос елдің экономиканы қолдау шарасы жалғасын таппақ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ЖОЛ ЖӨНДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Отырыста 2026-2027 жаңа оқу жылына білім беру ұйымдарының дайындығы және жалпы пайдаланудағы жолдарды жөндеу, салу және қайта салу туралы сұрақтар қаралды.

Алғашқы сұрақ бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев баяндама жасап, жаңа 2026-2027 оқу жылының басында білім беру ұйымдары балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қауіпсіз және жайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған негізгі дайындық жұмыстары аяқталғанын жеткізді.

Қазіргі уақытта ауданда 39 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде: 7 - бастауыш, 11 - орташа, 21 - орта. Аудан бойынша 1-11 сынып оқушыларының жалпы контингенті 3283 адамды құрайды.

39 мектептің 5-уі (Мағжан Жұмабаев атындағы ОМ, Сарытомар ОМ, Бинаш ОМ, Еңбекші-қазақ ОМ, Қызыл-Қазақстан ОМ) мемлекеттік тілде білім береді.

1 қыркүйектен бастап Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында қазақ тілінде оқытатын 1-ші сынып (5 оқушы) ашылады және мемлекеттік тілде оқытатын Лебяжье ОМ-де (3 оқушы) 1-ші сынып ашу жоспарлануда.

Осылайша, аралас тілді мектептер саны 9 (Возвышенка ОМ, Каракога ОМ, Медвежка ОМ, Надежда ОМ, Октябрь ОМ, Хлебоборо ОМ, Жастар ОМ, Батыр Баян атындағы мектеп гимназиясы, Лебяжье ОМ) бірлікті құрайды, қалған 25 мектеп орыс тілінде оқытатын мектептер.

Аудан бойынша 0-ден 6 жасқа дейінгі балалар саны 1510 баланы құрайды, оның ішінде 3-тен 6 жасқа дейінгі 1158 бала мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелем қамтылған, бұл 100% құрайды.

Бүгінгі күні Майбалық негізгі мектебін (5 оқушы) жабуға құжаттар тапсырылып, балалар күнделікті тасымалдаумен 23 км қашықтықта орналасқан Таман мектеп-балабақша-бөбекжай кешенінде оқытатын болады.

Булаев қаласының мектептерінің маңында «Абайлаңыз балалар!» жол белгілері, «40 жылдамдықты шектеу» белгісі, жаяу жүргіншілер өткелі, жасанды тегісдіздік орнатылған. 6 ауылдық білім беру объектілерінде жаяу жүргіншілер өткелі белгісі, жаяу жүргіншілер тапбасы орнатылған. 10 ауылдық мектепте «Абайлаңыз балалар!» және «40 жылдамдықты шектеу» белгілер және 6 ауылдық мектепте жасанды тегісдіздік орнатылды.

Білім беру объектілерінде барлығы 1131 бейнебақылау камерасы орнатылды, оның ішінде: аналогтық – 681 дана, цифрлық – 450 дана. 2024-2025 жылдар ішінде қосымша жаңа жабдықтар: бейнебақылау камералары, бейнетіркігіштер, қатты дискілер, кабельдік өнімдер мен балундар сатып алынды және орнатылды.

Бейнебақылау кіре-берістерді, дәліздерді және оған іргелес аумақты қамтиды. 41 білім беру объектісінде (39 мектеп және 2 балабақша) Мағжан Жұмабаев ауданы полиция

28 шілде күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудан әкімдігінің отырысы өтті. Оған құқыққорғау органдарының басшылары, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

бөлімінің кезекші бөліміне қосылған дабыл түймелері орнатылған. Булаев қаласындағы мектептер бақылау және басқару жүйелерімен жабдықталған. Мамандандырылған күзетпен тұрақты негізде шарттар жасалды.

34839 мың тенге сомасына Булаев мектеп-бөбекжай кешеніне ағымдағы жөндеу жүргізілуде, қазіргі уақытта орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 45% (жұмыс түрлері: жылуды ауыстыру, есіктерді ауыстыру, 1-2 қабатты қабырғалар мен төбелерді тарту). Аяқталу мерзімі 31 шілдеге дейін. Жұмыстың 45% орындалды.

Сондай-ақ, 16255 мың тенге еденді ауыстыру бойынша «Қосымша білім беру орталығы» КММ ағымдағы жөндеу жұмыстары жалғасуда. Аяқталу мерзімі 31 шілдеге дейін. Жұмыстың 42% орындалды. Келесі білім беру мекемелерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды: 28929 мың тенге сомасына «Узынқол ОМ» КММ патырын ауыстыру.

26086 мың тенге сомасына «Александровка ОМ» КММ патырын ауыстыру. 6204 мың тенге сомасына «Конюхов ОМ» КММ патырын ауыстыру.

28000 мың тенге сомасына «Березка» лагері» МКҚК аумақты абаттандыру, клубты, кір жуу ғимаратын жөндеу.

Сулышар ауылында жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші Қайрат Сапарғалиұлы Жәнібеков ауданы 216 ш.м. мектепке арналған спорт зал салып жатыр. Тағы 5 (Қызыл-Қазақстан ОМ (253393 мың тенге), Полтавка ОМ (379916 мың тенге), Карағанды ОМ (308544 мың тенге), Сарытомар ОМ (163134 мың тенге), Надежда ОМ (195664 мың тенге) мектепті күрделі жөндеуге ЖСҚ дайын.

Жаңартылған «Жас техниктер үйі» ғимаратында үйірмелер мен шығармашылық бірлестіктерді келесі бағыттар бойынша ұйымдастыру жоспарлануда: графикалық дизайн, картинг, робототехника, қолданбалы шығармашылық, авиамоделдеу, экологиялық инженерия. Бұл жобаны іске асыру балалардың қызығушылық ортасын құруға, олардың шығармашылық, техникалық және зерттеу әлеуетін ашуға, сондай-ақ тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Ауданда 44 жылытылатын білім беру нысаны жұмыс істейді. «Сапронат» ЖШС сенімгерлік басқаруына 7 білім беру ұйымы бар, Писаревка ОМ жыл сайын «Агро-Профи» ЖШС-мен шарт жасайды, ал 25 білім беру нысаны дербес жылжытылады.

Мектептер үшін көмір толық көлемде 10000 тонна түсті, бүгінде 7145,6 тонна тасымалданды, бұл жалпы сатып алудың 71%-ын құрайды.

Жаңарту бағдарламасы аясында

Бастомар ОМ, Медвежка ОМ, Фурманов ОМ, Карағанды ОМ, Писаревка ОМ жалпы сомасы 8 млн. тенгеге асхана жабдықтарын сатып алу жүргізілді. 9,3 млн.тенге сомасына оқулықтар (2390 дана) толық көлемде сатып алынды, қазіргі уақытта оларды жеткізу күтілуде. 1 тамыздан бастап «Мектепке жол» акциясы аясында бір балаға 50 851 тенге мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеу басталады. Отбасылары халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 740 балаға көмек көрсету жоспарлануда, - деді Талғат Болатұлы.

Екінші сұрақ бойынша аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев сөз алып, жолдарды жөндеу, салу және қайта салу бойынша ақпарат ұсынды.

Аудан аумағында 657,6 км қатты, топырақ және қиыршық таспен қапталған жолдар өтеді, оның ішінде 194 км қатты жабындысы бар республикалық маңызыға ие жолдар, 108 км облыстық маңызы бар және 355,6 км аудандық маңызы бар жолдар (159 асфальт/бетон, 127 қиыршық тас, 121 топырақ). Көптілік жолдар желісі 475 км (138 асфальт/бетон, 74 қиыршық тас, 263 топырақ).

Нормативтік жағдайдағы жолдардың үлесі 80% құрайды. Жөндеу жұмыстарының қорытындысы бойынша жолдардың 82%-ға дейін жақсаруын күтеміз. Ағымдағы жылы «Булаев – Молодогвардейское» республикалық трассасының 40 шақырымын орташа жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, «Петропавл Жолдары» ЖШС мердігерімен жалпы сомасы 6,2 миллиард тенгеге шарт жасалды, жөндеу жұмыстары асфальтбетон жабынын орнату, жол жиектерін қиыршық таспен нығайту, жол өтпесін (көпірді) жөндеу, жаңа автопавильон орнату, сондай-ақ жаңа стелла орнатумен айналма жолды абаттандыру көзделген.

Біздің аумағымыздағы екінші нысан «РФ шекарасы (Петропавлға)» республикалық маңызы бар трассасы орташа жөндеу. Жобаның жалпы ұзындығы 40 шақырымды құрайды, оның 15 шақырымы - біздің аудан бойынша өтеді. Мердігер «Новинтех» ЖШС, осы мақсаттарға шамамен 3 миллиард тенге бағытталды, мұнда жаңа стелла мен екі шағын сәулет нысаны орнатылады, олардың бірі ақын Мағжан Жұмабаевқа арналған.

Ағымдағы жылы автомобиль жолдарын жөндеуге 413 000,0 мың тенге бөлінді:

1. «Узынқол-Возвышенка» автожолын орташа жөндеу, жоба сомасы – 739 267,1 мың тенге, мердігер «Грандо» ЖШС, техникалық қадағалау «Тұран құрылыс» ЖШС, жұмыстар аяқталу сатысында, қалдық жұмыстар: жол жиектерін тол-

тыру, белгілерді орнату және таңбалау, аяқтау үшін 155 356,9 мың тенге қажет, биыл 30,0 млн. тенге бөлінді;

2. Автомобиль жолын орташа жөндеу Пролетарка ауылына кірме жол, жоба сомасы – 368 264,52 мың тенге. Мердігер «Петропавл жолдары» ЖШС, техникалық қадағалау «Актаустройэксперт» ЖШС, өткен жылы 50,0 млн. тенгеге материал әкелінді, ағымдағы жылы 70,0 млн. тенге бөлінді, жақын арада жұмысты бастау жоспарлануда, жалпы өлі 248 264,52 мың тенге қажет;

3. Каракога-Надежка автожолын орташа жөндеу, жоба сомасы - 736 471 234,16 тенге. Мердігер «Гранит Север» ЖШС, техникалық қадағалау «Конструктив ЛТД» ЖШС, жұмыстар аяқталды, биыл 100,0 млн. тенге бөлінді, 236 471 234,16 тенге қажет;

4. Булаев қаласы мен Медвежка селосының көшелерін орташа жөндеу (Булаев қаласында Целинная 0-2,383 км, Озерная өткелі 0-0, 265 км, Первомайская өткелі 0-0, 640 км, Северная көшесі 0-1, 546 км, Степная көшесі 0-1,826 км, Зеленая көшесі 0-0,515 км, Б. Баян көшесі 0-1,038 км, Комаров көшесі 0-0,835 км, С. Мұқанов көшесі 0-0, 945 км және Медвежка ауылында Школьная көшесі 0-1,100 км) жоба сомасы 621 737,9 мың тенге, мердігер «Коммунальсервис» ЖШС, техникалық қадағалау «А-Нұр Құрылыс» ЖШС жұмыстардың басталуына 100,0 млн. тенге бөлінді.

5. Булаев қаласының Чехов көшесіндегі жолды қайта жаңарту, жоба сомасы 278 288,6 мың тенге жұмыс аяқталды, биыл 20,0 млн. тенге бөлінді.

6. Карағанды ауылындағы Рабочая, Рижская, Ленин көшелерін; Надежда ауылындағы Мир, Калинин, Ново-Лесная көшелерін орташа жөндеу 9,16 км, жоба сомасы – 661 228,6 мың тенге мердігер «Гранит-Север» ЖШС, «DPI COMPANY» ЖШС техникалық қадағалау, өткен жылы материалдарды сатып алуға 50,0 млн. тенге бөлінді, талап етілетін сома - 632 058,2 мың тенге.

7. Каракога ауылының көшелерін орташа жөндеу, 8,465 км (Қазақстан, Бейбітшілік, Чехов, Комсомольская, Лесная, Пушкин, Луговая, Чкалов, №1 шолба, балабақшаға бұрылыс көшелері), мердігер – «Қият Құрылыс Компаниясы» ЖШС, техникалық қадағалау – «GrandBuildCompany» ЖШС. жоба сомасы – 637 608,2 мың тенге, өткен жылы 1,3 км асфальтбетон жабынды жабылды, 555 808,5 мың тенге қажет;

8. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстау - 40,0 млн. тенге;

9. Булаев қаласының жолдарын ұстау - 53,0 млн. тенге, - деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Отырыс қорытындысы бойынша әкімдік мүшелері тиісті қаулы қабылдап, аудан басшысы ұйымдастыру-бақылау бөліміне мүдделі органдарға жүктелген тапсырмалардың дер уақытында және сапалы орындалуын бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды.

ДӘСТҮР ТҮЛЕГЕН, ДОСТЫҚ ГҮЛДЕГЕН КҮН

Жалғасы, басы 1-бетте.

Сахнада татар халық әндері шырқалып, ұлттық би қойылымдары мен классикалық шығармалар орындалды. Қазақстандық өнерпаздар да кешке қатысып, Абай әндерін орындаса, Ақан сері атындағы облыстық филармонияның бишілері қазақтың ұлттық биін ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Концерт қонақтары Татарстаннан келген қолөнер шеберлерінің туындыларымен де танысты.

Кеш барысында Қазақстан мен Татарстан арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға және халықтар достығын нығайтуға үлес қосқан азаматтар марапатталды. Солардың қатарында Петропавл қаласының 88 жастағы тұрғыны Гүлжихан Даутоваға «Бүкіләлемдік татар конгресінің» медалі табысталды.

Ал келесі күні Қызылжар төрінде ғасырлар қойнауынан жеткен Сабантой кең көлемде аталып өтті. Облыс орталығының бас алаңын ұлттық әуен тербеп, татардың дәстүрлі мәдениетін танытатын көрмелер мен қолөнер бұйымдары көпшіліктің назарын аударды.

Сабантойдың мазмұнын тарихпен сабақтастырған тағы бір маңызды оқиға – татар әдебиетінің ұлы тұлғасы Ғабдолла Тоқайға арналған бюсттің ашылуы. Ақынның туғанына 140 жыл толуына орай бой көтерген ескерткіш Қызылжардағы мерекенің тағылымды сәтін айналады. Ғабдолла Тоқайдың есімі қазақ жерімен тығыз байланысты. Ол өмірінің он бір жылын Оралда өткізіп, тұлға ретінде қалыптасты. Ақынның бюстіне Татарстан раисы Рустам Минниханов, облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов және Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дәурен Абаев гүл шоқтарын қойып, көрнекті қаламгердің рухына құрмет көрсетті.

– Қазанда ұлы Абайға ескерткіш орнатылса, енді Петропавлда Ғабдолла Тоқайдың бюсті бой көтерді. Бұл – Семей мен Оралдан кейінгі үшінші ескерткіш, – деді Бүкіләлемдік татар конгресі ұлттық кеңесі төрағасының



бірінші орынбасары Данис Шакиров.

Сондай-ақ делегация «Дін-Мұхаммед» татар мешіті мен «Мағжан орталығы» мәдени-ағарту орталығында болды.

Осыдан кейін құрметті қонақтар Петропавл қаласының орталық алаңына бет бұрды. Сабантойдың сәнін келтірген Татарстаннан келген шеберлер арнайы әзірлеген ұлттық нақыштағы үйлер мен көрме алаңға өзіндік реңк беріп, татар ауылының тынысын Қызылжар халқына таныстырғандай болды. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов пен Татарстан раисы Рустам Минниханов та мерекелік көрмені аралады. Татарстан басшысы шеберлермен емен-жарқын әңгімелесіп, олардың еңбегіне ықылас танытты, ұлттық тағамдардан дәм татты.

Сабантойдың ресми бөліміне жиналған жұртшылықты облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов құттықтап, ежелден келе жатқан мерекенің мән-маңызына тоқталды.

– Бұл мерекенің тамыры

ғасырлар қойнауында жатыр. Ол еңбекке деген құрметті, туған жердің жомарттығын, ұрпақтар сабақтастығын, бірлік пен тату көршілікті білдіреді. Сабантой түрлі этнос өкілдерін бейбітшілік, өзара құрмет пен жасампаздық секілді ортақ құндылықтар төңірігіне біріктіреді, – деді өңір басшысы.

Татарстан раисы Рустам Минниханов өз сөзінде Қазақстандағы этносаралық келісімнің маңызын атап, елдегі татар қауымының ана тілін, мәдениетін мен дәстүрін сақтауға жасалған жағдайға ризашылығын білдірді.

– Қазақстанда татар ұлтының өкілдері көп. Мұнда әр халықтың өз тілін, мәдениетін мен дәстүрін сақтау үшін барлық жағдай жасалған. Біз Қазақстан басшылығына барлық ұлтқа көрсетіп отырған осындай жылы қарым-қатынасы үшін шыншайы ризашылығымызды білдіреміз. Татарлар мен қазақтарды тарихи, жақындық, ортақ дін, дәстүр, тіпті ұлттық тағамдар да біріктіреді, – деді Татарстан басшысы.

Ресми бөлімнен кейін сахна

төрі Татарстаннан келген және жергілікті өнерпаздарға берілді. Олардың интерактивті шоуы көрерменді бірден тарихтың тереңіне жетеледі. Бар болғаны жарты сағатқа жуық уақыт ішінде дала халықтарының өткеннен сыр шерткен қойылымда бірнеше дәуірдің тынысы сезілді.

Сахнадағы заманауи технологиялар тарихи тұлғаларды бүгінгі көрерменге жақындатты. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев пен татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқайдың бейнелері экраннан көрініп, қос халықтың рухани үндестігі өнер тілімен өрілді. Музыка, бейне-жазба мен сахналық қойылым бір арнаға тоғысып, көрермен өткен мен бүгіннің арасындағы байланысқа қанықты.

Үлкен экрандарда Қазақстан тарихында өзіндік із қалдырған татар азаматтарының есімдері де жаңғырды. Мәдениет пен өнерде, ғылым мен білімде, спортта және қоғамдық өмірде ел дамуына үлес қосқан тұлғалардың өмір жолы көпшілік назарына ұсынылды.

Сахнадағы тарихи шежіре біртіндеп концерттік бағдарламаға ұласты. Ән мен бидің ырғағы мерекелік алаңның көңіл күйін одан әрі көтере түсті. Татарстаннан келген өнерпаздардың өнеріне көрермен де ыстық ықыласын білдіріп, қошеметпен қарсы алды.

Кештің көпшілік асыға күткен сәті – Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваның сахнаға шығуы. Әншінің дауысына ұйған жұртшылық әр композициядан кейін ду қол шапалақтап, сүйікті әншісін ұзақ уақыт бойы жібермеді. Роза Рымбаеваның өнеріне деген құрметтің белгісі ретінде Татарстан раисы Рустам Минниханов пен облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов сахна төріне көтеріліп, әншіге қос гүл шоғын табыстады. Көпшілік үшін бұл сәт кештің есте қаларлық көріністерінің біріне айналды.

Бұл сәтте қаланың орталық алаңында спорттық жарыстар өтіп жатты. Әсіресе мерекелік бағдарламаның басты оқиғаларының бірі – «көреш» бойынша халықаралық дода. Байрақты бәсекеге Қазақстан мен Ресейден 100-ден астам балуан қатысып, жеңіс үшін бар күшін салды. Жарыс қорытындысында қостанайлық Талғат Жиентаев қарсыластарынан басым түсіп, Сабантойдың абсолютті чемпионы атанды. Ол – MMA бойынша әлем чемпионы, алты спорт түрінен халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азияның бірнеше дүркін чемпионы және жауынгерлік самбодан әлем кубогының иегері. Жеңімпазға Татарстан Республикасының раисы Рустам Миннихановтың атынан «Lada Granta» автокөлігінің кілті табысталды. Сонымен қатар дәстүрлі сыйлық – қошқар және «Qyzyljar Сабантой – 2026» арнайы жүлдесі берілді.

Спорттық алаңдарда арқан тарту, қаппен күресу, бағанаға өрмелеу, бөренедегі жарыстар, «чүлмәк вату» – саз құмыраны сындыру, таяқ тартысу, мін-ағашпен су тасу, жұмыртқа алып жүгіру және басқа да эстафеталар өтті.

Назым ЕЦИМ,
«Soltüstik Qazaqstan».

ТАҒЫҒЫН ЦИФРЛЫҚ МУЗЕЙ

Ауылдық жерде әлемдік деңгейдегі заманауи музей құру мүмкін бе? Солтүстік Қазақстан облысында ашылған «Digital Zerde» тұңғыш цифрлық музейі бұл сұраққа нақты жауап беріп тұрғандай. Мұнда келушілер туған өлкенің тарихымен танысып қана қоймай, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін меңгере алады. Ерекше жоба мәдени мұраны сақтаудың және оны жаңа форматта насихаттаудың жарқын үлгісіне айналып отыр.

– Біз ауылдық жерде де әлемдік деңгейдегі заманауи мәдени-білім беру кеңістігін құруға болатынын көрсеткіміз келді. Тарихты жай ғана сақтап қоймай, оны жанды, қызықты әрі қолжетімді етуге ұмтылдық, – дейді ол.

Жобаны жүзеге асыру бірнеше айға созылған. Осы уақыт ішінде тарихи деректер жиналып, цифрлық экспозициялар әзірленген, заманауи жабдықтар орнатылып, білім беру алаңы құрылған. Нәтижесінде өңір үшін бірегей кешен дүниеге келген.

«Digital Zerde» дәстүрлі музейлерден ерекше. Мұнда келуші жай бақылаушы емес, тарихи үдерістің тікелей қатысушысына айналады. Интерактивті панельдер, сенсорлы экрандар, виртуалды экскурсиялар, цифрлық гид пен мультимедиялық инсталляциялар тарихты жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

– Цифрлық технологияларсыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Сондықтан музей мен IT-орталықты бір кеңістікке біріктірдік. Келушілер туған өлкенің тарихын танып қана қоймай, цифрлық дағдыларды меңгеріп, жасанды интеллект пен IT негіздерін үйренеді, – дейді Айгерім Ахметова.

Музей экспозициясында ауданның құрылған күнінен бастап бүгінге дейінгі тарихы қамтылған. Мұнда алғашқы қоныстанушылар, ауыл

шаруашылығының дамуы, кәсіпорындардың қалыптасуы, білім беру мен мәдениет саласының өркендеуі, өңірдің танымал тұлғалары туралы мәліметтер жинақталған. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге арналған бөлімдер де бар.

Ерекше назар аударатын жәдігерлер – архивтік құжаттар, сирек кездесетін фотосуреттер, тұрмыстық бұйымдар және аудан тұрғындары тапсырған тарихи заттар. Әсіресе майданнан жолданған хаттар келушілердің қызығушылығын тудырады.

Цифрлық технологиялар тарихи мұраны сақтауда маңызды рөл атқарып отыр. Құжаттар мен фотосуреттер электронды форматқа көшіріліп, олардың ұзақ мерзімге сақталуына мүмкіндік жасалған.

– Цифрландыру тарихи мұраны жоғалтпай сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар интерактивті формат жастардың қызығушылығын арттырады. Осылайша біз тарихты сақтап қана қоймай, оны кеңінен насихаттаймыз, – дейді орталық директоры.

Музеймен қатар жұмыс істейтін IT-орталық та тұрғындарға үлкен мүмкіндік ұсынып отыр. Мұнда цифрлық сауаттылық, бағдарламалау, графикалық дизайн, бейнемонтаж, сайт жасау, әлеуметтік желілермен жұмыс және жасанды интеллект бағыттары бойынша оқыту бағдарламалары

ұйымдастырылады.

Жасанды интеллектпен жұмыс істеуді үйрету – орталықтың негізгі бағыттарының бірі. Тындаушылар нейрожелілерді пайдалану, мәтін, сурет және бейнематериалдар жасау, автоматтандыру сервистерін қолдану сияқты заманауи дағдыларды меңгереді.

Сонымен қатар орталықта оқушыларға, студенттерге, мемлекеттік қызметшілерге, кәсіпкерлерге және барлық ниет білдірушілерге арналған тегін шеберлік сабақтары мен семинарлар өткізіліп тұрады.

«Digital Zerde» жобасы Қазақстанның басқа да ауылдарына үлгі бола алады. Ол инновациялық технологияларды тек мегаполистерде ғана емес, ауылдық жерлерде де тиімді дамытуға болатынын дәлелдеп отыр.

Алдағы уақытта жоба аясында виртуалды экскурсияларды көбейту, жаңа экспозициялар ашу және жасанды интеллект бағытындағы білім беру бағдарламаларын кеңейту жоспарланған.

Тарих пен технологияны тоғыстырған «Digital Zerde» бүгінде тек музей ғана емес, білім беру мен инновацияның жаңа орталығына айналып келеді. Бұл жоба туған өлкенің өткенін сақтай отырып, келешекке жол ашудың жарқын үлгісі десек, артық айтқандық емес.

Данарын ҮРТЕМІШ,
«Soltüstik Qazaqstan».



Цифрландыру қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енді. Бұл үрдіс мәдениет пен тарих саласына да айналып өткен жоқ. Соның дәлелі – «Digital Zerde» цифрлық музейі мен оның жанынан құрылған Креативті IT-орталық.

Жобаның басты ерекшелігі – музей мен IT-орталықтың бір кеңістікке орналасуы. Бұл шешім кездейсоқ қабылданбаған. Жоба авторлары өткен мен болашақтың арасын жалғайтын ерекше алаң қалыптастыруды көздеген.

Креативті IT-орталықтың директоры Айгерім Ахметованың айтуынша, музейді құрудағы негізгі мақсат – аудан тарихын сақтау ғана емес, оны заманауи технологиялардың көмегімен әрбір адам үшін қызықты әрі қолжетімді ету.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәртебесі мен оларды пайдалану тәртібі Конституциямен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңмен және Үкіметтің өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібін жетілдіру және оларға деген құрметті нығайту мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі Үкіметтің Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны және олардың бейнелерін, сондай-ақ Мемлекеттік Гимн мәтінін пайдалану, орнату және орналастыру қағидаларын бекітетін қаулысына өзгерістер енгізгенін хабарлады.

Енгізілген өзгерістердің бірі терминологияны біріздендіруге бағытталған. Бұдан былай нормативтік құқықтық актілерде «Гимн» атауының орнына «Әнұран» атауы қолданылады. Сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың Мемлекеттік Туды орналастыру тәртібі нақтыланды. Енді Туды ғимараттарға, оның ішінде балкондарға да 45 градус бұрышпен ілуге болады. Бұл норма 2020 жылдан бері заңнамада болғанымен, балконға орналастыру тәртібі осы уақытқа дейін нақты айқындалмаған еді.

Қағидаларға Мемлекеттік Туды пайдалануға қатысты бірқатар талаптар да енгізілді. Жеке тұрғын үйлерде Ту жерден кемінде үш метр биіктікте орнатылуы керек. Енді түнгі жарықтандыру талабы алынып тасталды. Ал егер ғимараттың сәулеттік немесе техникалық ерекшеліктеріне байланысты Туды қасбетке орналастыру мүмкін болмаса, оны үй аумағындағы жеке ту тұғырына (флагштокқа) орнатуға болады. Мемлекеттік

Ту жерге, еденге, суға немесе өзге де заттардың бетіне тимеуі тиіс. Ту тік орналастырылған жағдайда ұлттық өрнек матаның жоғарғы жағында болуы қажет. Сондай-ақ Мемлекеттік Туды егер олар коммерциялық мақсат көздеме, жеке және заңды тұлғалар ұйымдастыратын мәдени, спорттық, қоғамдық және өзге де іс-шараларда пайдалануға болады. Ту ұлттық стандартқа толық сәйкес болуы тиіс. Өңі кеткен, жыртылған, кірлеген немесе өзге де зақымдары бар Мемлекеттік Туды пайдалануға тыйым салынады.

Сондай-ақ мемлекеттік рәміздер туралы заңнама талаптары сақталған жағдайда Мемлекеттік Туды көлік салонында пайдалануға рұқсат етіледі. Мемлекеттік Туды әдейі бүлдіруге, жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға, мақсатқа сай емес қолдануға және оның мемлекеттік рәміз ретіндегі қадір-қасиеті мен мәртебесіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке жол берілмейді.

Қағидаларға Мемлекеттік Туды жарнамалық мақсатта пайдалануға, сондай-ақ оны киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, перде, дастарқан, төсеніш және тұрмыстық мақсаттағы өзге де бұйымдарға орналастыруға тыйым салынған. Бұл талап мемлекеттік рәміздің бейнесін күнделікті тұрмыста орынсыз пайдаланудың алдын алып, оған деген құрметті сақтауға бағытталған.



Сонымен бірге енгізілген өзгерістерге сәйкес, Мемлекеттік Тудың бейнесін спортшылардың киімі мен жабдықтарында қолдануға рұқсат етілді. Бұған дейін заңнамада спорттық киімде тек Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесін орналастыруға ғана мүмкіндік берілсе, енді бұл құқық Мемлекеттік Тудың бейнесіне де қолданылатын болды. Спорттық киім мен жабдықтарға футболкалар, спорттық костюмдер, бейсболкалар, кепкалар және спортшылар пайдаланатын өзге де киім үлгілері жатады. Енгізілген өзгерістер мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібін біріздендіруге, оларға деген құрметті арттыруға және азаматтар, ұйымдар, спортшылар мен кәсіпкерлер үшін ортақ талаптарды айқындауға мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖАҢА ВЕКТОРЫ: КОНСТИТУЦИАЛЫҚ БАҒДАРЛАРДАН БАСҚАРУДЫҢ СЕРВИСТІК МОДЕЛІНЕ



Жаңа Конституция мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жоғары стандарттарын белгілей отырып, жария билік жүйесін кешенді модернизациялаудың стратегиялық негізін қалады.

Конституциялық реформа негізгі институттарды терең трансформациялау процесіне жол ашты, мұнда табыстың басты факторы ретінде тек басқару органдарының құрылымы ғана емес, сонымен бірге мемлекет атынан әрекет ететін тұлғалардың кәсіби қызметінің сапалық мазмұны да танылады.

Мемлекеттік құрылыстың осы жаңа кезеңінде мемлекеттік қызметтің негізгі демократиялық және әкімшілік өзгерістердің басты қозғаушы күші ретіндегі рөлін қайта зерделеу ерекше өзектілікке ие болады.

Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық жүйесін қамтыған ауқымды қайта құрулар ел дамуындағы түбегейлі жаңа конституциялық кезеңнің басталуын айшықтады.

Конституциялық бағдарлардың заңды өріжүйелі жалғасы, сондай-ақ Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асырудың қадамы ретінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жаңа редакциясы қабылданды.

Жаңартылған заңнаманың басты векторы — бұған дейін құқықтық реттеу шегінен тыс қалып келген, бірақ басқару аппараты қызметінің бірінші кезектегі жария-құқықтық мәнін құрайтын құндылықтық және моральдық-этикалық постулаттарды нормативтік тұрғыдан бекіту болып табылады.

Заңнамалық деңгейде алғаш рет мемлекеттік қызметтің миссиясы айқын бекітіліп, оған қойылатын түбегейлі талаптар тұжырымдалды, олардың қатарында қазақстандық патриотизм, жоғары кәсібилік, ашықтық, мінсіз абырой және кез келген құқық бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысына мүлдем төзеушілік бар.

Осы құқықтық тұжырымдаманың орталығында қызметшілердің клиентке бағдарланған мінсз-құлық моделі орналасқан, ол басымдықтарды дестүрлі әкімшілік-бақылау функцияларынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің жоғары сапасын, қолжетімділігін және

тиімділігін қамтамасыз етуге түбегейлі ойыстырады.

Жаңа заңнама кәсіби циклдің барлық кезеңдерінде мемлекеттік аппаратты кадрлармен қамтамасыз етуге кешенді және жүйелі тәсілді қалыптастырады. Бастауыш мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін азаматтарды ерте кәсіби бағдарлау тетіктері енгізіледі, бұлайша ынтылау әрі білікті жастар үшін түсінікті, ашық және болжамды әлеуметтік лифт қамтамасыз етіледі.

Кадр жүйесінің динамикасы мен икемділігін арттыру үшін ұзақ уақыт бос орындар сақталған жағдайда конкурстарды автоматтандырылған цифрлық процедуралар арқылы жариялау, уақытша міндеттерді атқару институттары, сондай-ақ жоғары оқу орындарының үздік түлектерін тікелей тарту мүмкіндіктерін көзделген. Мұнымен қоса, мансаптық өсу мен қызметте көтерілу құзыреттілігі кешенді бағалау нәтижелерімен, кәсібилік деңгейімен, адалдықпен және мемлекеттік міндеттерді шешуге қосқан нақты үлеспен тікелей байланыстырылады.

Қызметтік тәртіп жүйесі де терең трансформацияға ұшырап, мұнда тұжырымдамалық басымдық дестүрлі жазалау шараларынан алдын алу және теріс қылықтардың профилактикасына

аударылады. Құқық қолдану практикасына тәртіптік жазалармен байланысты емес жаңа ықпал ету құралдары, соның ішінде профилактикалық әңгімелесулер жүргізу, мінсз-құлық бойынша жеке ұсынымдар әзірлеу және кәсіби құзыреттілікті тексеру енгізілуде.

Сонымен бірге, әдеп стандарттарына қойылатын талаптар күшейтіліп, бағынысты қызметшілер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін басшылардың дербес жауапкершілігі бекітіледі.

Өз тарапынан мемлекет қызметшілердің жоғары жауапкершілігі мен құқықтық қорғалуы арасындағы нақты теңгерімді қамтамасыз етеді, олардың қызметіне заңсыз араласудан қорғау кепілдіктерін кеңейтеді, жұмыс уақытын икемді есепке алу тетіктерін жетілдіреді, сондай-ақ қызметтік ротация мен төлігерлік институттарын нормативтік тұрғыдан нығайтады.

Осылайша, жаңартылған заңнама қоғамға мінсіз қызмет етуге және ел дамуының заманауи кезеңіндегі сын-қатерлерге тиімді жауап беруге бағытталған жаңа мемлекеттік мәдениеттің құқықтық негізіне айналады.

Дархан ХАЙРУЛЛИН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Солтүстік Қазақстан облысы
Бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес
төрағасы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУ, МЕРИТОКРАТУЯ ҚАҒИДАТА

Меритократия қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің негізгі қағидадарының бірі болып табылады. Ол мемлекеттік қызметке қабылдау, мансаптық ілгерілету және басшылық лауазымдарға тағайындау кәсіби білімге, құзыреттерге, жеке жетістіктерге және қызмет нәтижелеріне негізделіп отырып жүзеге асырылатынын білдіреді.

Меритократия қағидадарын дамыту мемлекеттік қызметті реформалаудың басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Бүгінде облыстың мемлекеттік органдарында 4 мыңға жуық мемлекеттік қызметші еңбек етеді. Кадрлық құрам жоғары білім деңгейімен ерекшеленеді: қызметкерлердің басым көпшілігінің жоғары білімі бар, олардың көпшілігі екі және одан да көп диплом иеленген. Жүйеде сондай-ақ Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, «Болашақ» Президенттік жастар кадр резервінің қатысушылары және шетелде білім алып, тағылымдамадан өткен мамандар қызмет атқарады. Бұл мемлекеттік қызметтің кәсіби даярланған әрі ынтылау мамандарды тартатын маңызды алаңға айналып келе жатқанын көрсетеді.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заң меритократия қағидадарын дамытуға қосымша серпін берді. Заңның жаңа редакциясының негізгі бағыттары

мемлекеттік органдар қызметіне клиентке бағдарланған тәсілді енгізу, мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру, мансаптық өсудің тетіктерін жетілдіру және кадрлық процестерді кең ауқымда цифрландыру болып табылады.

Өңірдің кадрлық әлеуетін жаңартуда Өңірлік кадр резерві маңызды рөл атқарады. Жоба талантты жас мамандарды анықтауға, даярлауға және ілгерілетуге бағытталған. Солтүстік Қазақстан облысы осы бастаманың жоғары тиімділігін көрсетіп отырған өңірлердің бірі болып табылады. Жобаны іске асыру қорытындысы бойынша кадр резервіне 19 маман енгізілді, олардың жартысынан астамы мемлекеттік органдардағы басшылық лауазымдарға тағайындалды.

Меритократия қағидадарын нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі мемлекеттік қызметкерлер кезінде жастар үшін мүмкіндіктерді кеңейту болды. Қазақстандық жоғары оқу орындарын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнын кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен

емес деңгеймен аяқтаған түлектер конкурс өткізілімстен төменгі мемлекеттік лауазымдарға орналасу құқығына ие болды. Осындай мүмкіндік Мемлекеттік басқару академиясының түлектеріне де беріліп, оларға басшылық лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалу құқығы ұсынылды. Бүгінде бұл жаңашылдықтар нақты нәтижесін көрсетуде: ондаған жас маман облыстың мемлекеттік органдарында еңбек жолын бастады, ал Академияны табысты аяқтаған қолданыстағы мемлекеттік қызметшілер жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды.

Меритократия қағидадарын іске асыруда қолданыстағы мемлекеттік қызметшілердің мансаптық өсуі ерекше маңызға ие. Мәселен, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысында ішкі конкурстар нәтижесінде жүзеге асырылған тағайындаулардың 60%-дан астамы төмен тұрған лауазымдардағы қызметкерлерді жоғарылау есебінен жүргізілді. Бұл кәсібилік, жұмыс тиімділігі және жаңа қалған тәжірибе мансаптық өсудің негізгі өлшемдеріне айналып



отырғанын айғақтайды. Осылайша, меритократия бүгінде мемлекеттік қызметтің негізгі қағидадарының бірі ғана емес, оның одан әрі дамуының берік іргетасы болып табылады. Заманауи заңнамалық тетіктер кадрларды объективті іріктеуді қамтамасыз етеді, кәсіби өсуге тең мүмкіндіктер қалыптастырады және мемлекеттік қызметшілердің өз қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігін арттырады.

Гүлнәр СҮЙІНДКОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің СҚО бойынша
департаменті мемлекеттік қызмет
басқармасының бас маманы.

ЗАҢ МЕН ТӨРТИП

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЖАҢА ТАЛАП: 25 ТАМЫЗДАН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Ішкі істер министрлігі биыл 25 тамыздан бастап «Жол жүрісі туралы» заңға енгізілетін өзгерістер күшіне енетінін хабарлады. Осыған байланысты министрлік өкілдері өзгерістерді түсіндірді.

«Ең алдымен, 65 жастан асқан жүргізушілер мен мүгедектігі бар жүргізушілер екі жылда бір рет міндетті медициналық тексеруден өту қажеттігін екенін еске саламыз. Міндетті медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер Денсаулық сақтау министрлігі мен Ішкі істер министрлігі арасында автоматты түрде алмасадy. Егер мемлекеттік ақпараттық жүйеде жүргізушінің медициналық тексеруден өткені және көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілмдерінің жоқтығы расталмаса, көлік құралын басқару құқығы тоқтатылады. Бұл талап тек 65 жастан асқан жүргізушілер мен мүгедектігі бар жүргізушілерге ғана қатысты екенін ерекше атап өтеміз», делінген ақпаратта.

Келесі өзгеріс жол жүрісі қағидаларын білу деңгейін қайта тексеруге қатысты.

Заңда көзделген жағдайларда жолда жүру қағидаларын өрескел бұзған жүргізушілер қайтадан

теориялық емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін. Мысалы, жол қиылысынан өту кезінде апаттық жағдай туғызу, белгіленген жылдамдықты бірнеше рет асыру, маневр жасау, жолақ ауыстыру немесе басып озу қағидаларын қауіпті түрде бұзу сияқты өрескел құқық бұзушылықтар. Бұл талап барлық жүргізушіге емес, тек заңда нақты көзделген жағдайларда ғана қолданылады.

«Егер жүргізуші дәлелді себепсіз тиісті қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде теориялық емтиханға келмесе, бұл да көлік құралын басқару құқығын тоқтатуға негіз болады. Сонымен қатар алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік басқарғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Енді қылмыстық іс жөбірленушімен татуласуына байланысты тоқтатылғанын өзінде, құқық бұзушы сегіз жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Ал егер жүргізуші күәлігі болмаса, оны сегіз жыл бойы



алу мүмкін болмайды. Бұл өзгерістердің барлығы жол жүрісі қауіпсіздігін арттыруға, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Барша жол жүрісіне қатысушыларды жолда жүру қағидаларын қатаң сақтауға шақырамыз. Ал бұл талапқа жататын жүргізушілер міндетті медициналық тексеруден уақытылы өтуі қажет», делінген ақпаратта.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

EGOV ПЕН EOTINISH ҚОСЫМШАЛАРЫ ТЕГІН БОЛАДЫ

Қазақстанда тұрғындарға eGov пен e-Otinish платформаларын трафикті пайдаланбай тегін қолдануға мүмкіндік беретін заң ресми түрде күшіне енді.

тырады. Ол байланыс сапасын арттыру мен цифрлық сервистердің қолжетімділігінен бастап, деректерді өңдеу орталықтарын, цифрлық экономиканың энергетикалық базасын дамытуға, телекоммуникациялық инфрақұрылымды қорғауға және байланыс желілеріндегі алаяқтыққа қарсы күреске дейінгі негізгі бағыттарды қамтиды.

Ең маңызды жаңалықтардың бірі — азаматтардың әлеуметтік маңызы бар цифрлық сервистерге (eGov, e-Otinish, Aitu мессенджері және т.б. сервис) тарифтелмейтін қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Заң сонымен қатар телекоммуникация нарығының ашықтығын күшейтеді. Байланыс операторлары қаржылық есептілікті, байланыс тораптарының тізбесін, үлгілік шарттарды, қосылу шарттарын және инфрақұрылымға қол жеткізу тарифтерін жариялайтын болады.

Ұялы байланыс сапасын арттыру үшін ұялы байланыс сигналын күшейткіштерді, ретпелерді әкелуге шектеулер енгізіледі. Мұндай құрылғыларды әкелуге тек байланыс операторларына ғана рұқсат етіледі.

Телекоммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жеделдетуге ерекше назараударылған. Байланыс объектілері үшін жер учаскелерін бөлу тәртібі жеңілдетіледі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда байланыс желілерін салу мүмкіндігі көзделеді.

Түзетулердің елеулі блогы деректерді өңдеу орталықтары мен цифрлық экономиканың энергетикалық базасын дамытуға бағытталған. Деректерді өңдеу орталықтары стратегиялық объектілерге жатқызылатын болады.

Электр энергиясының ұзақ мерзімді тұтынушылары ретінде цифрлық майнерлер мен деректерді өңдеу орталықтарының қатысуымен генерациялаушы қуаттарды жаңғырту мен

кеңейтуге жеке инвестицияларды тарту үшін «70/30» механизмі енгізіледі.

Заңның жеке бір блогы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қорғауға және алаяқтыққа қарсы іс-қимылға арналған. Интернет желісіне қол жеткізу, IP-телефония және транзиттік байланыс қызметтерін лицензиялау шарттары жаңартылады.

Азаматтарды телефон алаяқтығынан қорғау үшін заңды тұлғалардан келетін қоңырауларды таңбалау енгізіледі. Абоненттер ресми қоңырауларды күдікті қоңыраулардан ажырата алады.

Бұдан бөлек, абоненттік нөмірді немесе ұялы байланыс құрылғысын үшінші тұлғаларға тұрақты пайдалануға берген кезде оларды қайта тіркеу міндеті белгіленеді.

Заңның толық мәтінімен Қазақстан Нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде танысуға болады.



Қазақстанда телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша Заң қабылданды.

Қабылданған Заң Қазақстанның цифрлық дамуының жаңа инфрақұрылымдық контурын қалыптас-

БІРЫҢҒАЙ QR, ЫҢҒАЙЛЫ ТӨЛЕМ

19 шілдеден бастап елімізде бірыңғай банкаралық QR Жүйесі іске қосылып, есеп алушы қай банктің клиенті екеніне қарамастан бір Жүйемен төлем жасай алатынын білгіміз.

Техникалық қызмет көрсету жеңілдейді

Бұған дейін әр банк өзінің жеке QR инфрақұрылымын қалыптастырғаны белгілі. Сол себепті бір дүкенде бірнеше QR-код қатар тұратын. Егер сатып алушының банкі сатушының төлем жүйесімен техникалық тұрғыдан үйлеспесе, онда QR арқылы төлем жасау мүмкін болмайтын. Жаңа жүйе осы шектеуді жоюды. Енді сатып алушы қай банктің клиенті екеніне қарамастан, ортақ жүйеге қосылған кез келген терминал арқылы төлем жасай алады. Есепші Гүлназ Серікқызының айтуынша, мәселе тек техникалық қолайлылықта емес. «Осы уақытқа дейін әр банктің QR төлеміне арналған өз платформасы болды. Соның салдарынан тұтынушының мобилді қосымшасы басқа банктің QR-кодын оқымайтын жағдайлар жиі кездесетін. Мұндай адам басқа төлем әдісін іздеуге немесе қолма-қол ақша шешуге мәжбүр болатын.

Бірыңғай QR іске қосылғаннан кейін мұндай кедергілер жойылады. Сатып алушы қай банктің қосымшасын пайдаланса да ортақ жүйеге қосылған кез келген терминал арқылы есеп айырыса алады. Бұл төлем жасау үдерісін әлдеқайда ыңғайлы етеді. Ең маңыздысы — банктің атауы емес, төлем жасау мүмкіндігі алдыңғы орынға шығады. Өзгеріс бизнестің де шығынын азайтады. Қазір көптеген сауда орындары әртүрлі банктің бірнеше терминалын қатар ұстайды. Ал бірыңғай жүйе толық іске қосылған соң бір ғана QR-код немесе бір терминал жеткілікті болады. Бұл кәсіпкерлердің эквайрингке кететін шығынын азайтып, техникалық қызмет көрсетуді де жеңілдетеді», дейді есепші.

Бірыңғай QR жобасы бүгін ғана пайда болған жоқ. Алғаш рет банкаралық QR төлемі 2024 жылдың қарашасында Алматыда өткен Қазақстан қаржыгер-

лерінің конгресінде таныстырылған еді. Сол кезде алғашқы сынақ операциясы екі банк арасында жүргізілді. Кейін жүйені кезек-кезеңімен барлық банкке тарату жоспарланғанымен, техникалық үйлестіру жұмыстары күткеннен ұзаққа созылды. Биыл наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ірі банктердің жаңа жүйеге қосылуды созып жатқанын сыға алған болатын. Осыдан кейін Ұлттық банк барлық техникалық мәселелердің заңмен белгіленген мерзімге дейін толық шешілетінін мәлімдеді. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов бұған дейін кешігудің негізгі себебін банктердің әртүрлі технологиялық шешім қолдануымен түсіндірген еді. Оның айтуынша, әр қаржы ұйымында QR кодындағы ақпарат құрылымы мен криптографиялық қорғаныс алгоритмдері әртүрлі болғандықтан оларды ортақ стандартқа келтіруге уақыт қажет болды. Қазір бұл жұмыс аяқталуға жақын, ал банктер заңда белгіленген мерзімге сай жаңа жүйеге қосылып жатыр.

Қаржы ұйымдарының жаңа бәсекесі
Бірыңғай QR жүйесі іске қосылғаннан кейін өзгеріс тек төлем жасау тәсілімен шектелмейді. Ол банк секторындағы бәсекенің сипатын да өзгертеді. Осы уақытқа дейін әр қаржы ұйымы клиентті өз экосистемасында ұстап қалуға тырысты. Себебі клиент банк қосымшасы арқылы дәл сол банктің QR-кодынмен есеп айырысқан сайын қаржы ұйымының өз қызметіне тәуелділігі арта түсетін. Есепші Г.Серікқызының айтуынша, бұрын әр банктің QR жүйесі жабық экосистема ретінде жұмыс істеді.

«Егер адам белгілі бір банктің мобилді қосымшасын пайдаланса, сол банктің терминалдары арқылы төлем жасағаны тиімді болатын. Басқа банктің QR-кодын қолданғанда қосымша шектеулер немесе қолайсыздықтар кездесетін. Бірыңғай QR енгізілген соң мұндай артықшылық жойы-

лады. Енді банктер клиентті техникалық шектеумен емес, қызмет көрсету сапасы, мобилді қосымшаның ыңғайлылығы, бонустық бағдарламалар мен қосымша сервистер арқылы тартуға мәжбүр болады», дейді сарапшы.

Яғни бұрын банктер QR инфрақұрылымымен бәсекелесе, енді цифрлық сервистердің сапасы алдыңғы орынға шығады. Бірыңғай жүйенің тағы бір маңызды тұсын кәсіпкерлер сезінеді. «Bank CenterCredit» банкінің қоғаммен байланыс және бизнесті дамыту жөніндегі директоры Сәкен Нигмашевтің айтуынша, бұл әсіресе шағын және орта бизнеске тиімді. «Біз де бірыңғай QR жүйесіне мүмкіндігінше ертерек қосылуға мүдделі болдық. Бірақ тұтынушыны көбірек толғандыратын мәселе басқа. Ол — қай тәсілмен төлеген тиімді және кәшбәз сақтала ма деген сұрақ. Егер кәшбәз болмаса, тұтынушы жаңа жүйеге бірден қызығушылық танытауы мүмкін. Сондықтан банктер алдағы уақытта дәл осы бағытта бәсекеге түседі. Әрқайсысы өз ардалық бағдарламаларын ұсынып, клиентті сақтап қалуға тырысады», дейді ол.

Банк ұтып, клиент ұтылмай ма?
Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе бар. Кейбір сарапшылар банктер өздерінің жеке QR жүйесін сақтап қалып, ең жағары бонустарды тек сол жүйеде қалдыруы мүмкін деген пікір айтты. Мұндай жағдайда бірыңғай QR қағаз жүзінде ғана жұмыс істеп, тұтынушылар бәрібір бұрынғы экосистемаде қалуы ықтимал еді. Ұлттық банк төрағасының орынбасары Бүрүр Жаленовтің айтуынша, мұндай тәжірибеге заң жол бермейді.

«Біз банктердің тарифтік саясатын реттемейміз. Өйткені елімізде ашық әрі бәсекелі нарық қалыптасқан. Әр банк өз клиентіне қандай қызмет ұсынатынын өзі анықтайды. Бірақ заңда кемсітушілікке жол бермеу туралы нақты талап бар. Яғни банктер тұтынушыны бірыңғай QR



пайдаланғаны үшін қолайсыз жағдайға қалдыра алмайды әрі клиентке артық кедергі жасайтын талап енгізуге құқығы жоқ», деді Бүрүр Жаленов.

Бұл дегеніміз, банктер бірыңғай QR пайдаланған адамды әдейі кәшбәзден айырып, комиссия енгізіп немесе бонустық бағдарламадан шеттете алмайды. Яғни клиент қай банк қосымшасымен төлем жасаса да, бұрынғы артықшылықтарын сақтауға тиіс.

«Жүйе өткен жылдан бері сынақ режимінде жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында оның көмегімен 300 млрд теңгеден астам операция жүргізілген. Бүгінде банкаралық ақша аударымы 13 банктің клиентіне қолжетімді болса, QR арқылы төлем жасау сервисіне 9 банк қосылған. Halyk, EJK, Home Credit, Freedom, RBK және Aityn Bank-тер қосылған. Барлық банк бекітілген кестеге сәйкес жұмыс істеп жатыр. Қалған банктердің бәрі жүйені жетілдірудің соңғы кезеңіне өтті. Қазір олар тестілеуден өтіп жатыр. Апта сайын жұмысты үйлестіріп келеміз», деді ол Digital Business-ке берген жауабында.

Кәсіпкерлерді мазалаған тағы бір мәселе — жаңа жүйеге көшу үшін қосымша жабдық сатып алу қажеттілігі. Бұл сауалға да Ұлттық төлем корпорациясы нақты жауап берді. Сөйтсе, қолданыстағы POS-терминалдарды ауыстырудың қажеті жоқ екен. Банктер бағдарламалық қамтамасыз етуді қашықтан жаңартады. Жаңарту аяқталған соң терминалдар автоматты түрде бірыңғай QR-код арқылы төлем қабылдай бастайды. Демек кәсіпкерлер қосымша шығын шығармайды.

Елігірім ТӨҢКЕР.




Дүйсенбі, 3 тамыз	Сейсенбі, 4 тамыз	Сәрсенбі, 5 тамыз	Бейсенбі, 6 тамыз	Жұма, 7 тамыз	Сенбі, 8 тамыз	Жексенбі, 9 тамыз
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 «КӨНІЛ ТӨЛКІНІ». 06.05, 03.10 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 08.00 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «АҚОРДА». 14.30, 03.50 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.30 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 02.25 АРНАЙЫ ЖОБА. 14.40 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.15 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «КАНТ: ТӨПТІ ТҮЗАҚ». 14.35 «МЕЙІРІМ МЕН СЕРТ». 14.55 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.25 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 ТАЗА САНА. 14.50, 01.25 PRIME ERA. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.35 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.20, 01.50 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.35 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.00 «ТАՆՏՈԼՈՐԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 03.05 «QAZAQ CREATIVE». 14:45 «МІНСІЗ МҮСІН ИЛЛЮЗИЯСЫ». 15:00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.05, 02.05 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.35 «КӨНІЛ ТӨЛКІНІ». 08.00 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 01.50 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 12.20, 21.25 КОНЦЕРТ. 14.35 М/Ф «РИО-2». 16.10 «ОМІР СҮРҮДІ ҮЙРЕТ», Х/Ф. 20.15, 01.35 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 22.50 «ҮШ НОЯН: Д АРТАНЬЯН», Х/Ф. 03.35 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 КӨНІЛ ТӨЛКІНІ. 06.05, 02.35 Т/Х «СҮЙЕ БІЛ СЕН...». 07.25 «АБАЙ МЕКТЕБІ», Д/Ф. 08.00 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30 М/Ф «РИО 2». 15.15 «ҮШ НОЯН: Д АРТАНЬЯН», Х/Ф. 17.40, 02.15 АҚОРДА. 20.00, 01.35 АПТА. 20.40 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНИЯСЫ». 21.35 Ү. ЖАМАЛБЕКТИҢ КОНЦЕРТІ. 23.45 «ҚУНАҒБАЙ», Х/Ф.

Дүйсенбі, 3 тамыз	Сейсенбі, 4 тамыз	Сәрсенбі, 5 тамыз	Бейсенбі, 6 тамыз	Жұма, 7 тамыз	Сенбі, 8 тамыз	Жексенбі, 9 тамыз
ХАБАР 05.00 ҰЛЫҚПАН ЖОЛДАСОВ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 17.15 СЕРІКЗАТ ДҮЙСЕНҒАЗЫ. 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.15 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 СЕРІКЗАТ ДҮЙСЕНҒАЗЫ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «БОЗТОРҒАЙ». 17.15 КОНЦЕРТ. 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.15 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «БОЗТОРҒАЙ». 17.15 Ш. ҚАЛДЯҚОВТЫҢ ӘН КЕШІ. 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.15 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Ш. ҚАЛДЯҚОВТЫҢ ӘН КЕШІ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 11.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҰЙЫ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «БОЗТОРҒАЙ». 17.15 ЖҮБАНЫШ ЖЕКСЕНҰЛЫ. 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.15 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 Ж. ЖЕКСЕНҰЛЫ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҰЙЫ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 17.15 С. ИБРАГИМОВ. 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 22.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 23.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.15 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 С. ИБРАГИМОВ. 08.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 11.00 М/Ф. 12.20 «МОЯ СЕМЬЯ ТЕБЯ УЖЕ ОБОЖАЕТ!», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР КОШАСЫНЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 19.00 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КҮН. 21.30 ЖҰМЫР ЖЕР. 21.50 «ВСЕ ПУТЕМ», Х/Ф. 23.00 КОНТЕКСТ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 11.00 М/Ф. 12.20 «ВСЕ ПУТЕМ», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW - 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 19.15 Д. АХМАДИЕВА ШЫҒАРМА- ШЫЛЫҒЫНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ КОНЦЕРТІ. 21.00 7 КҮН. 21.30 ГЛАБОЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 21.50 «МОЯ СЕМЬЯ ТЕБЯ УЖЕ ОБОЖАЕТ!», Х/Ф. 23.30 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 3 тамыз	Сейсенбі, 4 тамыз	Сәрсенбі, 5 тамыз	Бейсенбі, 6 тамыз	Жұма, 7 тамыз	Сенбі, 8 тамыз	Жексенбі, 9 тамыз
ЕВРАЗИЯ 06.00 ҚАЙМАҚ. 07.05 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОСТИНИЦА «АУТСАЙДЕР»». 02.25 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 03.45 «П@УТИНА». 04.25 Т/С «КОНЕЦ ИГРЫ».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 07.05, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР». 02.25 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 03.45 «П@УТИНА». 04.25 Т/С «АЛКИОН».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 07.05, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР». 02.25 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 03.45 «П@УТИНА». 04.25 Т/С «АЛКИОН».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 07.05, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АУТСАЙДЕР». 02.25 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 03.45 «П@УТИНА». 04.25 Т/С «АЛКИОН».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 07.05, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «Я ТЕБЯ НЕ БОЮСЬ». 03.25 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 04.10 Т/С «АЛКИОН».	ЕВРАЗИЯ 06.00 ҚАЙМАҚ. 07.05 «П@УТИНА». 08.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.45 ПОЛЕ ЧУДЕС. 09.50 «Я ТЕБЯ НЕ БОЮСЬ», Х/Ф. 14.55 КОНЦЕРТ. 17.20 «БОЙМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ», Х/Ф. 20.00 «ЗЕРКАЛО ДЛЯ ОБОРОТНЯ», Х/Ф. 00.35 Т/С «НУ, ЗДРАВСТВУЙ, ОКСАНА КОСЛОВА!». 02.50 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 03.35 Т/С «АЛКИОН».	ЕВРАЗИЯ 06.00 ҚАЙМАҚ. 07.40 П@УТИНА. 08.45 «МАЗЕСТРО АЛИБЕК ДНИШЕВ». 09.15 DASTARHAN. 10.30 «ПАПА ДЛЯ ВСЕХ», Х/Ф. 15.40 ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ. 17.35 «АДАМ И ЕВА», Х/Ф. 20.00 «ЗЕРКАЛО ДЛЯ ОБОРОТНЯ», Х/Ф. 00.35 Т/С «СКРЫТЫЕ МОТИВЫ». 02.50 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 03.35 Т/С «АЛКИОН».

«Тәрбиедегі мақсат - адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



СТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

«ОТБАСЫ БАНК» ТЕЛЕФОН НӨМІРІ АРҚЫЛЫ
АУДАРЫМДАР ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСЫЛДЫ

«Бұл тұрғындары үшін «Отбасы банкі» депозитті телерайондар және несиелік операцияларға қосылды. Азаматтар енді басқа банкілердің мобильді қосымшаларында төлем жасау кезінде банкоматтың шотымен және басқа да ұзын бағамды деректемелердің ермегіне тек өз телефон нөмірін көрсетіп жеткізеді. Мағжан «Отбасы банкі» шотқа жазды.

Бұл қызмет банктің Банкаралық мобильді төлемдер жүйесіне қосылғандығының арқасында мүмкін болды.

Жаңа сервис сонымен бірге «Отбасы банкі» ағымдағы шоттан мобильді төлемдер жүйесіне қатысушы өзге банкілердегі өз шоттарына қаражат аударуға мүмкіндік береді.

Жаңа сервисі пайдалану үшін клиенттің «Отбасы банкі» қолданыстағы ағымдағы шоты болуы тиіс. Төлемдерді otbasybank.kz порталындағы жеке кабинет арқылы немесе «Otbasy bank» мобильді қосымшасында жасауға болады.

Бұл қалай жұмыс істейді?

Кіріс аударымдар. «Отбасы банкі» ағымдағы шотты толықтыру үшін клиент өзіне қызмет көрсететін басқа банктің мобильді қосымшасына кіруі керек. Маңыздысы: қаражат «Отбасы банкі» жіберілетін банк те мобильді төлемдер жүйесіне қосылған болуы керек. Бұдан бөлек, «Аударымдар» бөлімінде «Телефон нөмірі бойынша» батырмасын таңдап, өз телефон нөмірін енгізу қажет. Одан кейін қаражат қабылдайтын банкінің тізімі шығады. Ұсынылған

тізімнен «Отбасы банкі» таңдап, аударым сомасын көрсетіп, операцияны растау керек. Қаражат банкіге ағымдағы шотқа түседі. Кейін otbasybank.kz порталында немесе «Otbasy bank» мобильді қосымшасында осы қаражат арқылы депозитті толықтыруға немесе несиені төлеуге болады.

Шығыс аударымдар. Сондай-ақ «Отбасы банкі» ағымдағы шоттан өзге банкіге шотыңызға ақша аударуға болады. Ол үшін otbasybank.kz порталындағы жеке кабинетте немесе «Otbasy bank» мобильді қосымшасындағы «Шоттар» бөлімінен «Ағымдағы шоттарды», одан кейін «Телефон нөмірі бойынша аударымдар» таңдап, өз нөміріңізді енгізу қажет. Жүйе клиенттің шоты ашылған банкілерді автоматты түрде көрсетеді. Банкті таңдағаннан кейін аударым сомасын көрсетіп, операцияны растау жеткілікті.

Айта кетейік, жыл басынан бері 538 502 азамат баспананы тиімді шарттармен сатып алу үшін жаңа жинақ шоттарын ашқан. Дәл осы тұрғын үй жинақтары «Отбасы банктен» жылдық мөлшерлемесі 3,5%-дан 8,5%-ға дейінгі несиелік алуға мүмкіндік береді.

САЛЫМШЫЛАР НАЗАРЫНА!

2027 ЖЫЛДАН БАСТАП
ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ НЕ ӨЗГЕРЕДІ

Елімізде зейнетақы жинақтарына қатысты жаңа ереже күшіне енеді.

Бұған дейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы инвестициялық табыс инфляциядан төмен болған жағдайда айырмашылықты мемлекет өтеп келді. Ал 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекет тек шотқа нақты аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді. Яғни, инфляция салдарынан қаражаттың құнсыздануы енді өтелмейді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мәліметінше, бұл өзгеріс азаматтарға зейнетақы жинағын басқарудың балама тетіктері қолжетімді болғандықтан енгізіліп отыр.

Бұл дегеніміз азаматтардың ай сайын алатын зейнетақы мөлшеріне ешқандай қатысы жоқ. Өзгерістің басты себебі бұл қыркүйектен бастап, азаматтарымыз жинақтаған қаражаттың толық басқарушы компанияларға аударып, болашақ инвестициялық табысын көтеруге, соны көбейтуге мүмкіндік алып отыр. Бүгінгі күнде 6 инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар қызмет



атқарып жатыр. Ол туралы ақпарат enpf.kz сайтында бар, - деді «БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры Мұрат Шәріпов.

ТАБИҒАТ

ТАМЫЗДА АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қазгидромет болжамынша, тамызда Қазақстанның басым бөлігінде жауын-шашын нормадан көп болады.



«Қазгидромет» РМК 2026 жылғы тамыз айына арналған ауа райы болжамын жариялады. Синоптикалық мәліметінше, елдің басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан жоғары болады.

Метеорологтардың болжамынша, Батыс Қазақстан, Атырау, Жамбыл және Алматы облыстарында, сондай-ақ Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарының басым бөлігінде, Ұлытау облысының оңтүстік жартысында және Қарағанды облысының оңтүстік-батысында жауын-шашын мөлшері норма шамасында күтіледі.

Ал Маңғыстау облысының оңтүстік-шығысында, Қызылорда мен Түркістан облыстарының оңтүстік-батысында жауын-шашын мөлшері нормадан аз

болуы мүмкін.

Ауа температурасы қандай болады?

Қазгидрометтің болжамына сәйкес, тамызда Қазақстанның басым бөлігінде орташа айлық ауа температурасы +21...+29°C аралығында болады.

Еліміздің қиыр оңтүстік-батысында +30...+31°C, ал солтүстік, солтүстік-батыстың жекелеген аудандары мен шығыс өңірлерде +15...+20°C күтіледі.

Тамыздың климаттық ерекшелігі

Синоптикалық мәліметінше, тамыз – жаз мезгілінің соңғы айы. Бұл кезеңде республика бойынша ауа температурасы шілдемен салыстырғанда біртіндеп төмендей бастайды.

Көпжылдық климаттық деректерге сәйкес: Қазақстанның солтүстігінде орташа айлық ауа температурасы +16...+18°C;

оңтүстігінде +25...+27°C болады.

Кейбір жылдары ауа температурасы +36...+44°C-қа дейін, ал республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-батысында +47...+48°C-қа дейін жетуі мүмкін.

Сонымен қатар өте салқын жылдары тамыздың екінші және үшінші онкүндігінде солтүстік және шығыс өңірлерде ауа температурасы +1...+6°C-қа дейін төмендеп, жекелеген аудандарда үсік байқалуы ықтимал.

Қазгидрометтің мәліметінше, тамыз айында бұршақ сирек жауады, найзағай шілдеге қарағанда аз болады. Сондай-ақ жаздың басыммен салыстырғанда құрғақшылық пен аңызақ желдің ықтималдығы төмендейді.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

5 АЛАЯҚ СІЗГЕ
ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП
ТҮРҒАНЫН БІЛДІРЕТІН
БЕЛГІ

- 1 АТЫҢЫЗҒА
НЕСИЕ ТУРАЛЫ
АЙТСА
- 2 SMS-КОДТЫ
АЙТУДЫ
СҰРАСА
- 3 ТІНТУ НЕМЕСЕ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ҚОЗҒАУМЕН
ҚОРҚЫТСА
- 4 ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
ТАЛАП ЕТСЕ
- 5 ТУЫСТАРЫҢЫЗҒА
НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРҒА
АЙТПАУҒА ТЫЙЫМ
САЛСА

ТҮТҚАНЫ ҚОЙЫҢЫЗ!

НАҚЫЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЕШҚАШАН:

- SMS-КОД
СҰРАМАЙДЫ
- НЕСИЕ АЛУҒА
МӘЖБҮРЛЕМЕЙДІ
- ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
СҰРАМАЙДЫ
- АҚША АУДАРУДЫ
ТАЛАП
ЕТПЕЙДІ

САҚ БОЛЫҢЫЗ!
АЛАЯҚТАРҒА СЕНБЕҢІЗ!

- 01 1414 келген кодты
ешкімге айтпа!
Бұл код арқылы алаяқтар
сіздің шотыңызға кіріп кетуі мүмкін!
- 02 EGOV қызметкерлері
WhatsApp қосымшасының
ешқашан хабарласпайды!
EGOV мемлекеттік қызметі
WhatsApp арқылы байланысқа
шықпайды. Бұл – алаяқтар!
- 03 Полиция тергеушісі
бейнеқоңыраумен
қоңырау шалса,
тұтқаны қой!
Шынайы тергеуші бейнеқоңырау
шалмайды. Бұл – алаяқтық!

АБАЙЛАҢЫЗ! АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Директор - бас редактор
Нелі ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен-жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев қаласы, Батыр Баия көнесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magzhan Zhuldizi» газеті
редакцияда терісін беттеді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл қ., Коммуна қ-е, 5 үй).
Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
нығаралық және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі рөлін басылым болып
табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамамен мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарысын білдірмейді. Редакцияға жолданған мақалалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.